

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы тұтастай қамтитын экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қою мәселелері туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 15 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабының 2-тармағының бірінші абзацын және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 6-тармағын басшылыққа ала отырып, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер қажетті мемлекетішілік рәсімдерді аяқтағаннан кейін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы Т.С.Саркисян Еуразиялық экономикалық одақ атынан Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге және Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сингапур Республикасы арасындағы тұтастай қамтитын экономикалық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Р е с е й
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан